



«Театр арқылы сахыналық қойылым көрсету»

*«Алтын Самұрық» бөбекжай балабақшасы
Тәрбиеші: Бекаристанова А.М.*

Негізгі мақсаты:

Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық

және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту;

Сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу.

- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;

- Театрлық іс - әрекетті ертегілерді пайдалана отырып-ойын дамыту.

Міндеттері:

Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын жетілдіру.

Балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты тапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу.

Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.

Балалар театрының бірнеше түрі:

- * 1.Ойыншық театры
- * 2.Бес саусақ немесе петрушкалар театры
- * 3.Көлеңке театры
- * 4.Картон театры
- * 5.Үстел үсті театры
- * 6.трафарет театры
- * 7.Бибабо театры
- * 8.Қасық театры
- * 9.Саусақ театры

1. Ойыншықтар театры

- * Мысалы мен балаларға ойыншықтардың достығы туралы әңгімені айтып бердім. Ол кезде балаларға қызықты болу үшін қуыршақтарды пайдаландым.
- * Өзінің сұлулығына қызығатын Айсұлу терезе алдында айнаға қарап отырады өзіне келген достарымен бірге ойнамайды. Айсұлуға аю, қоян, түлкі келеді, бірақ ешқайсысымен ойнамайды барлығын ренжітіп жібереді. Кенеттен жел тұрып терезе ашылған кезде Айсұлу құлап түседі де, киімі жыртылып жылап бет аузы кір болады. Оның жылаған даусын естіген достары Айсұлуға келіп көмектеседі, бетін жуады.

Балалардың әрдайым дос болу әдістерін үйретемін

-Айсұлу келші жаныма

Қол ұстасып тұрайық.

Алақанды көтеріп

Менің досым деселік

Айналаң бірігіп

Татуласып екеуміз.

Осы бағытта ойыншық театрын өрбітіп

баланы достыққа тазалыққа, ұқыптылыққа,

қайырымдылықпен мейірімділікке үйретемін.

2.Бес саусақ және петрушкалар театры

- * Бұл театрды жандандыру үшін мен балалар мен өздеріңіз көргендей “Бауырсақ пен қуыршақ” театрын құрдым.Бұл жерде қалдық материялдардан қуыршақтарды тізуге болады.Әркімге қол жетімді тәсіл.
- * Баланың диалогын және қай ертегіде де қайырымдылыққа,мейірімділікке бірін-бірі түсінуге және тілінің дамуына көп әсер етеді.

3.Фланелеграф театры

- * Яғни бұл кезде паноны алып оның үстіне жабысқақ ертегі кейіпкерлерін жабыстыра отырып бір жерден екінші жерге бағыттап қозғалта отырып айтылатын ертегінің түрі.**

4.Картон театры

- * Бұл үстел үстінде тұратын театр.Оны да қимылдата отырып барлық кейіпкер,сахна,шымылдық,дикарация барлығы қағаздан жасалынады.


5. Көлеңке театры

- * Бұл театрдың ерекшелігі ақ полотноға астынан жарық түсіріледі, бейне полотноның артында көлеңке болып көрінеді. Басқа театр барысында бейнелерді өзгертетін болсақ театрды ауыстыра алмаймыз. Бұл театрда силуэт (бейне) қозғалмайды.
- * Перспективасы болмайды.
- * Көлеңке театрдың сақынасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою-өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын артырады, ой өрістері дамытады.


Көлеңке театры



Көлеңке театрының көрсетілуі



Көлеңке театрының жасалу жолы.



6.Трафарет театры

- * Сөз құрамының байлығын диалог маналогты дамытуға болады. Балалар дайын трафареттердің көмегімен болашақ кейіпкерлердің суреттерін жасайды. Оларды түрлі түсті бояулармен бояйды, дайын бейнелерді қайшымен қияды. Қандай да бір кейіпкердің бейнесін алып каламға орнықтырып жасауға болады. Бұл жерде балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Бұл театрдың тиімділігі кез келген бейнені аюдың,қоянның бейнесін қолдана отырып диалог түрінде баланы қарым-қатынас жасап сөйлетуге үйретеді.

Трафарет театры



7. Қуыршақ бибабо - театры

* Қуыршақ бибабо- бұл театрдың тәсілі қолға кию арқылы қолданамыз. Басын сұқ саусаққа кигізу арқылы, ал үлкен саусақпен ортаңғы саусақ қол қимылының ролін атқарады. Олар үшін көйлек тігіледі. Қалтамен алжапқыш белдігімен тігуге болады. Олардың басын матадан паралоннан, қағаздан жасауға болады. Олардың басын түрлі қалдық матадан жасауға болады. (шүлки, майлықтардан (сүлгі), калготкиден). Гуашь арқылы бет әлпетін салуға болады. Жасалу жолында матаны дөңгелек етіп қырқып аламыз, мұрнын да дәл сондай тәсілмен жасауға болады.

8. Қуыршақ бибабо театрының қажетті атрибуттары



9. Саусақ театры

- Саусақ театрында –саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең тақпақ шумағын сахыналау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілетті дамып ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қимыл қозғалысына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары төмен т.б. Түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді.

Саусақ театры



* Театрлық ойын арқылы бала әсер алады, образға нақты енеді, сахнаға бейімделеді, шығарма мазмұнын түсінеді, ой-өрісі кеңейеді, әңгімелесуге, өз ойын жеткізуге, ата-анасына, жолдастарына әңгімелеп беруге икемделеді, сөйлеу қабілеті дамиды, диалог түрінде сөйлей алады, өз алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізе алады. Сонымен қатар мимико, бет әлпетін өзгертіп көрсете білуге үйретеді. Осы бес ай ішіндегі балалар мен жүрген (ертегі аттары) сөз қоры молайып мәнерлеп айтуға машықтанғандықтан өзгелердің іс әрекетін сезініп онымен бірге мұңайып қайғыра білуге, қобалжуға үйренді және де өзіне деген сенімділіктері артып ұялшақтық қасиеттері сейілді және де бір байқағаным қиялдары дамып қабылдау қасиеттері артты.

*** Мен өз тәжірибемде осы театрлық ойындарды әлде өрбітіп күннің екінші жартысында аптасында екі мезгіл жоспарлап сахналық қойылымдар көрсетуді жоспарлап отырмын.”Ең бастысы-сен адам екеніңді ұмытпау”.Рутт психолог айтқандай адамгершілік қасиетті бала бойына сіңіру үшін ертегі мен театрлық қойылымдарды көп қолдану керек деп ұсыныс айтар едім.**

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!